

нормального жизненного стандарта. На основе опыта шведской и германской моделей, с целью обеспечения полной грамотности, доступности высшего образования, повышения стимула к учебе, саморазвитию населения, снижения уровня безработицы следует внедрить на бесплатной основе: высшее образование, программы переквалификации, программы непрерывного образования на протяжении всей жизни человека; предоставление оплачиваемого учебного отпуска.

Бюджетная модель финансирования здравоохранения в силу недостаточности выделяемых денежных средств не покрывает потребности населения в гарантированном объеме бесплатной медицинской помощи, в связи с этим, рекомендуется внедрить обязательное медицинское страхование для обеспечения финансовой базы здравоохранения. Обязательное медицинское страхование является гарантированной государством системой защиты интересов населения в области охраны здоровья путем формирования за счет страховых взносов целевых денежных фондов, предназначенных для покрытия затрат на лечение состояний, обусловленных наступлением страховых событий (заболевания или увечья). Система обязательного медицинского страхования обеспечивает гражданам Казахстана возможности в получении своевременной и качественной медицинской помощи.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Асжина М.А., Чибриков Г.Г. Основы экономической теории. – М.: Норма, 1996. – 235 с.
2. Максимова А.А. Модели социальной политики зарубежных стран и выбор России // Налоги. Инвестиции. Капитал. – 2002. – № 1-2. – 90 с.
3. Антропов В.В. Экономические модели социальной защиты населения в государствах ЕС. – М., 2007. – 266 с.

#### УДК 301.338.1

**Ибраева Айнура Жексембиевна – магистрант (Алматы, Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ)**

#### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТУРАЛЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ**

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына арналған “Қазақстан – 2030” Жолдауында барлық қазақстандықтардың гүлденуінің, қауіпсіздігінің және дамуының басым бағыттарының бірі халықтың материалдық және әлеуметтік өмір сүру деңгейін жақсарту болып табылатындығын анықтап көрсеткен. Еліміздің әлеуметтік және экономикалық саладағы неғұрлым қарқынды дамушылардың бірі зейнетақы жүйесі болып табылады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің тұрақты түрде дамуы Қазақстан Республикасының экономикалық дамуын жылдамдатуға мүмкіндік береді [1].

Жинақтаушы зейнетақы қорлары жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі негізгі институтционалдық құрылым және қаржы нарығындағы кәсіби қатысушылардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады [2].

Қаржы институттары жүйесінде Қазақстанның зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесіндегі жинақтаушы зейнетақы қорлары келесідей ерекшеліктермен сипатталады:

- әлеуметтік бағыты бар институттар болып табылады;  
- зейнетақы жарналарын қабылдаушы және мүмкіндіктердің өсуіне байланысты зейнетақы активтерін қауіптілігі төмен және сенімді жобаларға инвестициялайтын қаржы институттары;

- жинақтаушы зейнетақы қорларында төлемдердің басталуы мен жарналар түсімдерінің аяқталуы арасында бірнеше жылды құрайтын уақыт аралығы пайда болады. Бұл жинақтаушы зейнетақы қорларының ұзақ және орта мерзімді инвестиция жасауға және өзінің портфелін құруға мүмкіндік береді.

Зейнетақы жинақ қаражаттары бірқатар мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға, көптеген инвестициялық жобаларды орындауға мүмкіндіктер береді. Жинақтаушы зейнетақы қорлары ашық және корпоративтік болуы мүмкін. Жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлік қоғам нысанында құрылады. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорлары алушының жұмыс істейтін және тұратын жеріне қарамастан салымшылардан зейнетақы жарналарын қабылдауды жүзеге асырады. Корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қорлары сол жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары және акционерлері болып табылатын бір немесе бірнеше ашық тұлғалардың алушы-қызметкерлері үшін құрылады. Сонымен қатар басқару белгілері бойынша барлық жинақтаушы зейнетақы қорларын үш топқа бөлуге болады: мемлекеттік ЖЗҚ (МЖЗҚ), мемлекеттік емес ашық ЖЗҚ (МЕЖЗҚ), мемлекеттік емес корпоративті ЖЗҚ (КЖЗҚ) [3].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында 2011 жылғы 1-қаңтардағы жағдай бойынша 13 жинақтаушы зейнетақы қоры өз қызметін жүзеге асырды. Оның ішінде 11 мемлекеттік емес ашық акционерлік қоғамдар, біреуі мемлекеттік ЖЗҚ, біреуі корпоративтік акционерлік қоғам («Қазақмыс ЖЗҚ» АҚ) болып келеді.

Жинақтаушы зейнетақы қоры қордың басқару органының шешімі негізінде уәкілетті органның келісімінсіз Қазақстан Республикасының аумағында өзінің оқшауланған бөлімшелерін - филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы. 2011 жылғы 1-қаңтардағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының республика өңірлерінде 76 филиалдары мен 49 өкілеттіктері бар.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының іс әрекеті оларға тартылған салымшылардың санымен бағаланады. Себебі, барлық жинақтаушы зейнетақы қорларының негізгі қызметі салымшылардан міндетті және ерікті, ерікті-кәсіби жарналарды жинау мен алушыларға зейнетақы төлеу, зейнетақы қалыптастыру және оларды инвестициялау болып табылады [4].

2011 жылғы 1-қаңтарда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны бұрынғыша 4 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 25,7%, «МЖЗҚ» – 22,4%, «Ұлар Үміт» – 13,9% және «БТА Қазақстан» – 9,7% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 71,7%-ы келеді.

2011 жылғы 1-қаңтарда жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп сомасы 4 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 712,2 млрд. теңге (31,5%), «МЖЗҚ» – 375,6 млрд. теңге (16,6%), «Ұлар Үміт» – 317,5 млрд. теңге (14,1%) және «БТА Қазақстан» – 177,7 млрд. теңге (7,9%), бұл 4 қордың үлесіне барлық қорлардағы жинақталған зейнетақы қаражаты көлемінің немесе жиынтығының 71,7%-ы келді.

Қорлардың жиынтық капиталы 2011 жылғы 1-қаңтардағы жағдай бойынша 84,2 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 44,2 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 52,5%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 88,2 млрд. теңге болды.

2010 жылғы қаңтар - желтоқсан айларында 5 қор («Ұлар Үміт», «АМАНАТ Қазақстан», «БТА Қазақстан», «Қазақмыс» және «Республика») жалпы сомасы 3,3 млрд.

теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 8 қор жалпы сомасы 11,5 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2011 жылғы 1-қаңтарда 8,2 млрд. теңге болды.

Жинақтаушы зейнетақы қорылары инвестициялық белсенділігін сипаттайтын көрсеткіш инвестициялық кіріс болып табылады. Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2011 жылғы 1-қаңтардағы жағдай бойынша 571,4 млрд. теңге болды. 2010 жылы «таза» инвестициялық кіріс 89,7 млрд. теңгеге (18,6%) ұлғайды.

Талдау мәліметтерінен байқағанымыздай 2010 жылы Қазақстанда жинақтаушы зейнетақыларының қорларының қызметтерінің оң нәтижелерін көруге болады. Бірақ, бұл көрсеткіштердің болашақ зейнеткерлерге жағымды өмір қамтамасыз етуге жеткілікті болуы терең зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

Осымен байланысты қазіргі кезде жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтерін жүргізу барысында бірқатар кемшіліктер алып отырғанын анықтауға болады. Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: жинақтаушы зейнетақы қорларындағы салымшылардың зейнетақы жинақтары деңгейінің аздығы, тұрғындарға жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтері туралы жан-жақты ақпараттардың толық таратылмауы, жинақтаушы зейнетақы қорларымен республика тұрғындарының толық қамтылмауы, жинақтаушы зейнетақы қорларында тәуекел менеджментінің қажетті деңгейде дамымауы, инвестициялық кірістіліктің салыстырмалы төмен деңгейі [5].

Қорыта келе, Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы қорларын жетілдіруде мынадай шараларды ұсынуға болады: жинақтаушы зейнетақы жүйесін пруденциалдық реттеуді жетілдіру, зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерді инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциалдық реттеуін белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру; жинақтаушы зейнетақы қорларында корпоративтік басқаруды жетілдіру және халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру, жинақтаушы зейнетақы қорлары және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары үшін тәуекелдерді басқару жүйелерінің болуы бойынша талаптарды жетілдіру; тұрғындардың жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметімен толық ақпараттандырылуын қамтамасыз ету.

Сонымен, Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту және ондағы кәсіби қатысушылардың қызметтерін қадағалау заман талабымен айқындалған кезек күттірмес маңызды басымдықтардың бірі болуы тиіс, өйткені бүгінгі зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінің қызметі елдегі болашақ зейнеткерлер өмірінің көрінісі болып саналады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына арналған “Қазақстан – 2030” Жолдауы, 1997 ж. 11 қазан.
2. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының 1997 ж. 20 маусымдағы № 136-1 Заңы (2008.24.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
3. Құлпыбаев С., Мельников В.Д. Қаржы негіздері: жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: ТОО "Изд-во LEM", 2009. – 670 б.
4. Тулепбаев К.М. Казахская модель пенсионного обеспечения населения. – Алматы: Ғылым, 2003. – 342 б.
5. Исаков Ұ.М. Қаржы нарығы және делдалдары: оқулық. – Алматы: Экономика, 2008. – 295 б.